**Список использованных источников:**

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года
2. Закон Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» от 11 октября 2011 года № 483-IV
3. Закон Республики Казахстан «О свободе вероисповедания и религиозных объединениях» от 15 января 1992 г. № 1128-XII
4. Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении Правил проведения религиоведческой экспертизы» от 7 февраля 2012 года № 209
5. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на XVI сессии Ассамблеи народа Казахстана // Казахстанская, правда. 2010. № 278. 21 окт.
6. Даниленко Л.М., Шауметов А.Ф., Акбарова Р.А. Методические рекомендации по вопросам проведения религиоведческой экспертизы.
7. Гараджа В.И. Социология религии. М: «Аспект Пресс», 1996 г.
8. Григорьева Л. Конфессиональные консультации для государственных служащих. Журнал «Религия и право». № 1, 2001 г.
9. Жеребятьев М.А. Институт государственной религиоведческой экспертизы: проблемы и перспективы // http://www.rusoir.ru/expert/mneniyayi/.
10. Залужный А. Государственная религиоведческая экспертиза: проблемы правовой регламентации, www.religion.russ.ru.
11. Кантеров И.Я. Экспертные советы как субъекты конфессиональной политики, Религия и право. 2004. № 1, religion.sova-center.ru.
12. Мчедлов М.П. Религия и современность. М. Политиздат, 1982 г.
13. Пчелинцев А.В. Государственная религиоведческая экспертиза в системе правовых гарантий свободы совести и вероисповедания, http://www.rusoir.ru/expert/mneniya/.
14. Ряховский В.В., Пчелинцев А.В. Религиозные объединения. Свобода совести. Религиоведческая экспертиза. Изд. «Юриспруденция», 2006 г.
15. Сластилина Ю. Религиоведческая экспертиза как условие реализации права на свободу вероисповедания. Журнал «Религия и право». 2005. № 2.
16. Томаева Т.В. Об экспертизе новых религиозных движений. Журнал «Религия и право». №4, 2001 г.
17. Томаева Т.В. Методологические принципы религиоведческой экспертизы. Журнал «Религия и право». №2, 2001 г.
18. Трофимов Я.Ф., Иванов В.А. Христианство в Казахстане. Караганда, 2006 г.
19. Трофимов Я.Ф. Религия и политика. Учебно-методическое пособие. Караганда. Болашак-Баспа, 2002 г.
20. Фаликов Б. НРД: проблемы религиозного статуса. Журнал «Религия и право», №2, 2001 г.
21. Яблоков И.Н. Основы религиоведения. М., Высшая школа, 2000 г.

**Мейрбаев Б.Б.**
Философия ғылымдарының кандидаты, доцент
**Жунисбеков Б.**
ШПҚУ, дінтану мамандығы, 2 курс магистранты
**Әскенұлы Е.,**
Дінтану мамандығының 3 курс студенті

## ӘЛ-ҒАЗАЛИ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯНЫ СЫНҒА АЛУ МӘСЕЛЕСІ

Исламның дүниетанымдық тарихында Фәлсафашылармен кәләмшылар арасындағы пікірталастың басы, Әл-Ғазалиден басталады дей алмаймыз. Мұның бастапқы негізі ақыл мен Уахиді салыстырудан басталған еді.Әл-Ғазалиден бұрын 300-жылдық тарихы бар бұл бәсекенің басы ислами білімдермен сырттан енген



білімдер немесе жалпы алғанда жергілікті салт-дәстүр мен сырттан енген дәстүрлердің өзара бәсекесінен бастау алғандығы белгілі. Уақыт өте келе бұл пікірталастар ой-пікір бәсекесіне айналды. Бұрынғы кәләмшылардың (мұсылман теологтар) қауіпті деп қараған және көпшілікке солай танытқан философияны терең біліп ұғынбастан, белгілі бір деңгейде әдіс қалыптастырмастан жарым-жартылай біліммен оған шабуыл жасауына қарсы, өзінің айтқанындай, ең алғаш Әл-Ғазали өз дәуірінде кең тараған Аристотелшілдік – жаңаплатоншыл Ислам философиясына тікелей зерттеу жасап, оны басынан соңына дейін түбегейлі қарастыруға қайрат танытты. Өйткені, Әл-Ғазали , ескі кәләмшылардың философтарға қарсы бағыттаған сындарының кереғарлыққа толы, қатесі ап-анық, таяз ойлы, бас аяқсыз айтылған сөздер екенін аңғарды.Олардың келтірген қарсылықтарының білімді адамды былай қойғанда, қарапайым кезкелген бір адамның өзін сендіре білуі, нандыруы мүмкін еместігіне көз жеткізді [1, 16 б.].

Алайда түрлі ағымдардың көзқарастарымен ұстанымдарын, олардың өздерінің әдіс-тәсілдерімен үйренбесең қателескен жақтарын анықтап зерттеу мүмкін болмайды. Және бұл зерттеушіні үлкен қателікке ұрындырары анық. Мұны ескерген Әл-Ғазали өзінің зерттеу әдісінде, классикалық философияның негізгі дисциплинасынан логика, математика және әртүрлі тәжірибелік аланды, әсіресе логикадағы дәлелдеу методының Сунни кәләмында қолдануды басшылыққа алды.

Әл-Ғазали ұстазы Әл-Жувайниден сабақ алған кездерінде философияның бір қатар тақырыптарын оқып білсе де, негізгі философияны салихалы түрде зерттеуін хижраның 484 жылында Бағдат қаласында ұстаздық қылып жүргенінде бастады. Әл-Мунқиз еңбегіне жүгінсек, бұл жерде шамамен 2 жылдың ішінде философияны жүйелі түрде меңгеруге мүмкіндік тапты. Айрықша, Ислам философиясының дәстүрлі Ислам наным-сенімінің арасын біріктіретін, яки ара жігін ажырататын тұстардың не екенін білуге шамамен 1 жыл уақыт жұмсады.

Кейіннен ол философия жайында оның обьективтік анықтамасы ретінде «Мақасидуль-фаласифа»(«Философияның мақсаттары») еңбегін жазды. Автордың бәсекелес ағымдарды дұрыс тану керектігін ескерткен еңбегі барынша шебер жазылған. IX ғасырдағы латынша аудармасында еңбектің кіріспе беті болмағандықтан, бұл еңбекті Батыстың схоластик ғалымдары біраз жылдар бойы Ибн Синаның шәкірттерінің қаламынан туған еңбек деп келді [1, 217 б.].

Әл-Ғазали өзінің «Мақасидуль-фаласифа» атты еңбегінде айтқанындай, осы еңбегінің артынан кейбір мағлұматтарға қарағанда хижраның 484 жылы (21 қаңтар 1095 жыл) аяқталған кәләмшылдар мен философтардың есептесу кезеңінің ең маңызды жемісі болып табылатын «Таһафатуль-фаласифа» еңбегін жазып шықты. Оның бұл еңбекті жазудағы асыл мақсаты, негізгі жиырма бір мәселеге қатысты сыни көзқарасын назарға ала отырып, фәлсәфалашыларды Ислам сенімдері тұрғысынан олардың алар орнын анықтау еді. Қолданған еңбектер өз тілімізде болмағандықтан аудару барысында түсініксіздеу көрінетін тұстары болуы мүмкін [1, 218 б.]. Төменде біз әл-Ғазалидің философтар еңбектерімен келіспеген тұстарын тізбелеп отырмыз.

1. Философтардың, «Ғаламның (әзәли) бастауы мен(қадим) соңы жоқ»- деп айтулары теріс, құдайсыздыққа апарады. Ғалам бастаусыз емес, ол (махлұқ) жаралған және кейіннен(хадис) болған, дейді әл-Ғазали.
2. Философтар: «Аллаһ ұсақ-түйек нәрселерді(жүзәият) егжей-тегжейлі емес, жалпылама түрде біледі» - дейді. Ғазали бұл пікірге де қосылмайды .
3. «Хашир (өлгеннен кейін қайта тірілу) тәндік түрде емес, рухани түрде, яғни рухтық тұрғыдан ғана жүзеге асады» деген сөздер де Құдайсыздыққа жетелейтін